**Орман шаруашылығы мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды дамытуды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету, сондай-ақ «Қазақстан Республикасында биологиялық алуантүрліліктің сақталуын заңнамалық қамтамасыз етудің өзекті мәселелері» тақырыбында 2016 жылғы 18 қарашада өткен Парламенттік тыңдаудың ұсынымдарын іске асыру мәселелері жөніндегі үкімет сағатының қорытындылары бойынша**

**ҰСЫНЫМДАР**

Орман шаруашылығындағы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы ағымдағы жағдайды, сондай-ақ «Қазақстан Республикасында биологиялық алуантүрліліктің сақталуын заңнамалық қамтамасыз етудің өзекті мәселелері» тақырыбында 2016 жылғы 18 қарашада өткен Парламенттік тыңдау ұсынымдарының, оның ішінде жер қойнауын пайдалану саласында іске асырылуын, Қазақстандағы экологияның жай-күйін талдау негізінде және өткізілген үкімет сағатының қорытындылары бойынша қатысушылар мынадай **ҰСЫНЫМДАР** қабылдады:

**Қазақстан Республикасының Үкіметіне:**

***Орман шаруашылығын, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды дамыту және биоалуантүрлілікті сақтау саласында:***

1. Биологиялық алуантүрлілік туралы конвенция шеңберінде қолданыстағы стратегиялық жоспарларды және тиісті бағдарламаларды ескере отырып, биоалуантүрлілікті сақтау жөніндегі стратегия мен іс-қимыл жоспарын әзірлеу.

2. Ұзақ мерзімді перспективада биологиялық алуантүрліліктің және экожүйелердің сақталуы мен орнықты пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін:

1) Қазақстан Республикасында биологиялық алуантүрліліктің сақталуы мен орнықты пайдаланылуы жөніндегі 2030 жылға дейінгі тұжырымдаманы;

2) орман шаруашылығы, жануарлар әлемі және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды дамыту саласындағы жекелеген бағдарламалық құжатты;

3) сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген флора мен фауна түрлеріне, өсімдіктер қауымдастығы мен экожүйелерге, сондай-ақ бөтен инвазиялық түрлерге басымдық бере отырып, биоалуантүрліліктің мемлекеттік мониторингі мен оны зерттеудің басымдықты бағдарламаларының тізбесін қабылдау;

4) биоалуантүрліліктің мемлекеттік мониторингі мен оны зерттеудің басымдықты ұзақ мерзімді бағдарламалары бөлігіндегі ғылыми қызметті қаржыландыру;

5) Қазақстан Республикасының аумағында биоалуантүрлілікті сақтау саласындағы келеңсіз ағымдарды көрсететін нысаналы индикаторларды қабылдау мәселелерін қарау.

3. Мына мәселелерді:

1) экожүйелердің және мекендейтін жерлердің қазіргі жай-күйі туралы, сондай-ақ өсімдіктер және жануарлар дүниесі түрлері популяцияларының өзгеру үдерістері туралы кешенді ақпаратты қамтамасыз ететін биоалуантүрлілікке мониторинг жасаудың интеграцияланған жүйесін (цифрлық платформа) құру;

2) флора мен фаунаның сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген түрлерінің Қызыл тізімі мен тиісті Қызыл кітаптарды өзектендіру;

3) жұмыс істеп тұрған мемлекеттік табиғи қаумалдарды заңды тұлға мәртебесі бар мемлекеттік табиғи резерваттар немесе мемлекеттік ұлттық табиғи парк түрінде қайта құру арқылы оларды қорғаудың құқықтық мәртебесін арттыру;

4) деградацияға ұшыраған экожүйелерді оңалту және қалпына келтіру бойынша шаралар қабылдау;

5) аң-құс өсіруді мемлекеттік қолдау;

6) саны реттеуге жататын жануарлар түрлерінің тізбесіне суқұзғынды енгізу мәселелерін қарау.

4. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда экологиялық туризмді дамыту мақсатында:

1) жаяу жүргінші туристерден ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін ақы алуды алып тастау;

2) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың аумағына автокөлікпен кіргені үшін экологиялық алымдарды табиғат қорғау мекемелерінің дербес дамуы мақсатында олардың есебіне жатқыза отырып, енгізу;

3) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың рентабельділігін ескере отырып, келушілерді өткізу жүйесін (кезең-кезеңімен) автоматтандыру.

5. Орман шаруашылығы саласын, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды кадрлық қамтамасыз ету мақсатында мынадай мәселелерді пысықтау:

1) «Дипломмен - ауылға» мемлекеттік бағдарламасына осы мамандықтағы жас мамандарды қосу;

2) табиғат қорғау заңнамасын бұзушылардан өндіріліп алынған айыппұл сомалары есебінен республиканың мемлекеттік инспекторлары мен қорықшылық қызметтің жұмыскерлерін ынталандыру;

3) браконьерлік фактілері туралы хабарлағаны үшін халыққа ақшалай сыйақы төлеу;

4) өртті уақтылы анықтау және сөндіру үшін табиғат қорғау және орман мекемелелерін қазіргі заманғы мониторинг жасау және бақылау құралдарымен (геоақпараттық технологияларды қолданатын оптикалық-сенсорлық жүйелер, АЖҚ-ны қолдану) жарақтандыру;

6. Мына мәселелерді:

1) жекеше орман өсіруді дамытуға;

2) ақбөкендердің ауруларын зерттеуге;

3) 2020 жылы ТҒН және ТЭН әзірлеуге қаражат бөлуді көздей отырып, Каспий итбалығының популяциясын сақтау үшін ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және ұстап тұру жөніндегі жыл сайынғы іс-шараларға қаражат бөлуді көздеу.

7. Мыналар:

1) ормандарды молайту көлемін ұлғайту жөніндегі Қадамдық жоспарлардың орындалуын қамтамасыз ету бойынша;

2) «Қалалардың жасыл аймақтарының құрамы мен мөлшері» МЕМСТ талаптарына сәйкес облыс орталықтарының айналасында жасыл аймақтарды құру немесе кеңейту бойынша шаралар қабылдау.

8. Балық шаруашылығы су айдындарында түбін тереңдету жұмыстары бойынша іс-шараларды қосымша қаржыландыру мәселесін пысықтау.

9. Ақбөкен дериваттарын пайдалануға мемлекеттік монополияны енгізу жөніндегі мәселені пысықтау.

10. Қолданыстағы заңнамаға:

1) Қылмыстық кодекстен браконьерлік үшін шартты мерзімге, бас бостандығын шектеуге және айыппұлдарға тартуды алып тастап, тек нақты бас бостандығынан айыруды, сондай-ақ осыған ұқсас құқық бұзушылықты қайталап жасағаны үшін жауапкершілікті қатаңдату мүмкіндігіне;

2) Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте табиғат қорғау заңнамасын өрескел бұзғаны үшін айыппұлдардың мөлшерлерін ұлғайту, сондай-ақ осыған ұқсас құқық бұзушылықты қайталап жасағаны үшін жауапкершілікті қатаңдату мүмкіндігіне;

3) қолдан жасалған жүзу құралдарын мемлекеттік тіркеуге және пайдалануға тыйым салу, ал тыйым салудың осы нормасы бұзылған жағдайда аталған құралдарды тәркілеу мүмкіндігіне талдау жүргізу.

**Экология саласында:**

1. Мыналар:

1) экологиялық заңнаманы озық халықаралық стандарттарға, оның ішінде климаттың өзгерісіне бейімделу бөлігінде сәйкестендіру;

2) экологиялық ахуалға, әсіресе Қазақстанның солтүстік Каспий аймағындағы ахуалға мониторинг жасау және болжау жүйесін жетілдіру;

3) Жайық өзені суының сапасына апта сайын мониторинг жүргізу;

4) халықаралық және ұлттық компанияларды экология саласындағы зерттеулерді қоса қаржыландыруға тарту;

5) Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесін әзірлеу бойынша шаралар қабылдау;

6) бұрынғы Балқаш-9 әскери объектісінің ("Дарьял-У"радиолокациялық станциясы)аумағындағы құрамында ПХД бар қалдықтарды кәдеге жарату үшін қажетті қаржы қаражатын бөлу;

7) құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органда тіркеусіз экологиялық қауіпті объектілерге кедергісіз кіруге мүмкіндік беретін заң жобасын әзірлеу;

8) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзғаны үшін табиғат пайдаланушылардың жауапкершілігін күшейту;

9) I санаттағы кәсіпорындардың негізгі көздерінде ластаушы заттар мониторингінің автоматтандырылған жүйесін енгізу;

10) Экологиялық кодекстің жобасына эмиссиялар үшін түсетін төлемдерді табиғат қорғау іс-шараларына ғана жіберу туралы норманы енгізу.

2. Мыналарды:

1) халықаралық стандарттар негізінде өнеркәсіптік кәсіпорындарда экологиялық қауіпсіздік деңгейін арттыру үшін ең жақсы қолжетімді технологияларды енгізу жөніндегі Жол картасын;

2) жұртшылықпен тығыз ынтымақтастықта өңірлердің экологиялық ахуалын жақсарту жөніндегі кешенді жоспарларды;

3) өткір болып тұрған экологиялық проблемаларды шешуді ескере отырып, Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізу жөніндегі кешенді шараларды әзірлеу.

3. Шағын және орта бизнес субъектілерін кеңінен тарта отырып, Қатты тұрмыстық қалдықтарды қазіргі заманғы кәдеге жарату және қайта өңдеу бойынша шаралар кешенін іске асыру жөніндегі жұмысты жалғастыру ұсынылады.

---